

# Әлем елдері қалай тойлайды?

**Швецияда** 1 мамыр күнін 1908 жылдан бері “Ақ түймедақ күні” ретінде атап өтеді. Дәстүр бойынша мамырдың бірінші күні туберкулезге шалдыққан науқастар үшін ақша жиналады. Табиғи антибиотиктің белгісі ретінде түймедақты ерлер қалпақтарына, әйелдер көйлектеріне қадап алады. Гүлді сатқаннан түскен қаражат өлімге алып келетін дерттен жұмысшыларды емдеуге жұмсалады.

**Финляндияда** 30 сәуірден 1 мамырға қараған күн студенттер мерекесі ретінде тойланады. Жастар оқу жылының аяқталуы мен сынақтарды сәтті тапсырғандарын атап өтеді. Мерекенің символы ретінде ақ студенттік фуражканы жастық шақтарын еске түсіру үшін ересектер де киеді. Сағат 18:00-де Хельсинкиде қоладан жасалған нимфа ескерткішіне де ақ фуражка кигізіледі.

**АҚШ-та** 1 мамырда бірден үш мереке – Құқық күні, Балалардың денсаулығын сақтау күні мен Адалдық күні атап өтіледі. Алайда елде ресми демалыс жарияланбайды. Құрама штатта Еңбек күні қыркүйектің бірінші дүйсенбісінде тойланады.

**Италияда** 1 мамыр күні адамдар көшеге шығып, саяси ұстанымдарын білдіре алады. Алайда бұрын бұл күні табиғатқа арналған салтанатты жиындар өткізілетін болған. Адамдар гүл құдайы – Флора мен құнарлылық құдайы – Майяға табынған. Тіпті ағаштар мен гүлдерді ленталармен безендіру дәстүрі жасалған.

**Испанияда** көптеген мемлекеттер секілді бұл күні жұмысшылардың құқығын қорғау туралы ұран айтып, көшеге шығады. Ал келесі күні – екінші мамырда Мадрид күні мерекесін атап өтеді.

**Германияда** Адольф Гитлердің билігі кезінде “Ұлттық еңбек күні” үнемі саяси шерулер өткізілетін. Ал бүгінде бұл күні Берлиннің орталығына түрлі саяси партиялардың өкілдері өз наразылықтарын білдіруге шығады.

**Францияда** бірінші мамыр – “Еңбек күні” мен “Інжугүл күні”. Француздар осы күні бірінші мамырдың басты символы саналатын ақ түсті гүл шоқтарын жақындарына сыйлайды. Бұл мереке бақыт әкеледі деп сенеді. Сол үшін де наразылыққа шығуға асықпайды, бірден гүл дүкендеріне аттанады.

**Канадада** 1 мамырды ресми демалыс алып, көңіл көтеру күні ретінде қолданады. Мемлекеттік “Еңбек күні” мерекесінен бөлек, канадалықтар этникалық мерекелері – “Сарышұнақ күнін” атап өтеді. Алғаш рет бұл мейрамды

Саскачеван провинциясын мекендеген үндістер тойлаған.

**Ұлыбританияда** 1 мамыр – 1977 жылдан бері ресми мереке. Мәселен, Шотландияда бұл күнді Белтейн мерекесінің құрметіне тойлайды. Алаңға шығып от жағып, оның ортасынан үй жануарларын өткізеді. Адамдар өз күнәларынан тазару үшін оттан секіретін дәстүр де болған. Жыл өте келе Эдинбургте бұл мереке ауқымды от фестивалін өткізетін болды. Оны тамашалау үшін Кэлтон шатқалына жыл сайын 12 мыңнан астам адам келеді.

**Қытайда** бұл күні ресми демалыс жарияланады. Еңбек мейрамында саяси көшбасшылар халыққа арнап сөз сөйлеп, фабрика мен зауыттарда үздік жұмысшылар марапатталады.

**Гавай аралдарында** 1 мамыр сайын гүлден жасалған алқа мерекесі ұйымдастырылады. Мамырдың алғашқы аптасында тұрғындар гүлден алқа тоқып, салтанатты карнавалдарға қатысуға дайындалады.

**Нидерландыда** сәуірдің соңы мен мамырдың басында қызғалдақтарға аса назар аударып, фестиваль өткізеді. Ауылдарда 1 мамыр күні жас жігіттер мен қыздар жұп болып бөлініп, аттары жазылған қағазды адамдар көретін жерге іліп, өздерін жұп ретінде жариялайды.

**Грекияда** бұл күні нағыз көктем мерекесі тойланады. Балалар таң ата алғашқы көктем қарлығаштарын іздеуге шығады. Тауып алған соң көшелерде шеру өткізіп, мерекелік әндер айтады. Ал көршілер мереке құрметіне ән салған балаларға жеміс-жидек, тәттілер үлес-тіреді.

**Оңтүстік Кореяда** 1 мамыр – Будданың туған күні. Бастапқыда діни мейрам ретінде аталып өтілгенімен, қазір Кореяның қалаларында мерекелік шерулер өтіп, ұлы ұстаздарының құрметіне билеп, ән салады.

**Оңтүстік Африка Республикасында** бірінші мамыр – ресми мереке. Бұл күні халық шығармашылығының көрмелері мен концерттер өткізіледі. Арзантаылған бағамен халық тұтынатын тауарлар сатылатын жәрмеңкелердің көркі қызады.

**Ресейде** 1 мамыр – Көктем және еңбек мерекесі ретінде жылда тойланады. Жалпы бұл мерекенің бұрынғы Кеңес одағы кезінде өтетін шерулерден көп айырмашылығы жоқ. Тек бұл күн 1992 жылдан бері ресми түрде аталып өтетін болды. 1 мамыр мерекесінің құрметіне биыл ресейліктер 4 күн қатарынан демалады.

**Мәдина КЭЛЕНОВА,  
М.Қозыбаев атындағы  
СҚУ-дың студенті.**